

Ұлан ауданының аумағында стационарлық емес сауда объектілерін орналастыру орындарын айқындау және бекіту туралы

Шығыс Қазақстан облысы Ұлан ауданы әкімдігінің 2023 жылғы 19 мамырдағы № 169 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2023 жылғы 2 маусымда № 8855-16 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 31-бабы 1-тармағының 4-2) тармақшасына, "Ішкі сауда қағидаларын бекіту туралы" 2015 жылғы 27 наурыздағы № 264 Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №11148 болып тіркелген) бұйрығымен сәйкес, Шығыс Қазақстан облысы Ұлан ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ұлан ауданының аумағында стационарлық емес сауда объектілерін орналастыру орындары осы қаулының қосымшасына сәйкес айқындалсын және бекітілсін.

2. "Ұлан ауданының кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулының Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелуін;

2) ресми жарияланғаннан кейін осы қаулыны Шығыс Қазақстан облысы Ұлан ауданының әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Ұлан ауданы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ұлан ауданының әкімі

Д. Рахметкалиев

2023 жылғы 19 мамырдағы

№ 169

Ұлан ауданы әкімдігінің

2023 жылғы 19 мамыр

№ 169 қаулысына қосымша

Ұлан ауданының аумағында стационарлық емес сауда объектілерін орналастыру орындары

№	Стационарлық емес сауда объектілерін орналастыру орындары	Алып отырған алаңы, шаршы метр	Сауда қызметін жүзеге асыру кезеңі, жыл	Жақын маңдағы инфрақұрылым	Қызмет саласы

1	Қасым Қайсенов кенті, Абай алаңы, № 2 үйдің жанында	50	5	"Тоғанас" дүкені	Бөлшек сауда (азық-түлік және азық-түлік емес тауарларды сату)
2	Сағыр ауылы, Абай көшесі, ауыл клубының жанында	10	5	жоқ	Бөлшек сауда (азық-түлік және азық-түлік емес тауарларды сату)
3	Мамай батыр ауылы, Тәуелсіздік көшесі, № 40 үйдің жанында	10	5	"Бұлбұлқұс" дүкені	Бөлшек сауда (азық-түлік және азық-түлік емес тауарларды сату)
4	Ново-Азовое ауылы, Советская көшесі, № 21 үйдің жанында	10	5	жоқ	Бөлшек сауда (азық-түлік және азық-түлік емес тауарларды сату)
5	Айыртау ауылы, Тоқтаров көшесі, № 2 үйдің жанында	10	5	"Перизат" дүкені	Бөлшек сауда (азық-түлік және азық-түлік емес тауарларды сату)
6	Асубұлақ кенті, Бейбітшілік көшесі, базардың жанында	10	5	"Тамара" дүкені	Бөлшек сауда (азық-түлік және азық-түлік емес тауарларды сату)
7	Привольное ауылы, Целинная көшесі, № 27/1 үйдің жанында	10	5	"Керей" дүкені	Бөлшек сауда (азық-түлік және азық-түлік емес тауарларды сату)
8	Ұлан ауылы, Ахметов көшесі, № 31 үйдің жанында	10	5	жоқ	Бөлшек сауда (азық-түлік және азық-түлік емес тауарларды сату)
9	Каменка ауылы, Центральная көшесі, № 11 үйдің жанында	10	5	"Кайрат" асханасы	Бөлшек сауда (азық-түлік және азық-түлік емес тауарларды сату)
10	Огневка кенті, Панин көшесі, № 2 үйдің жанында	10	5	жоқ	Бөлшек сауда (азық-түлік және азық-түлік емес тауарларды сату)

11	Донское ауылы, Мир көшесі, № 2 үйдің жанында	10	5	"Иртыш" дүкені	Бөлшек сауда (азық-түлік және азық-түлік емес тауарларды сату)
12	Саратовка ауылы, Молодежная көшесі, № 4 үйдің жанында	10	5	жоқ	Бөлшек сауда (азық-түлік және азық-түлік емес тауарларды сату)
13	Таврия ауылы, Т . Тоқтаров көшесі, № 45 үйдің жанында	30	5	жоқ	Бөлшек сауда (азық-түлік және азық-түлік емес тауарларды сату)
14	Тарғын ауылы, Қ.Қайсенов көшесі, № 29 үйдің жанында	10	5	жоқ	Бөлшек сауда (азық-түлік және азық-түлік емес тауарларды сату)
15	Герасимовка ауылы, Д. Қонаев көшесі, ауыл клубының жанында	10	5	жоқ	Бөлшек сауда (азық-түлік және азық-түлік емес тауарларды сату)
16	Бозанбай ауылы, Самат Мұқанов көшесі, № 24 үйдің жанында	30	5	жоқ	Бөлшек сауда (азық-түлік және азық-түлік емес тауарларды сату)
17	Алмасай ауылы, Қабанбай Батыр көшесі, № 5 үйдің жанында	10	5	жоқ	Бөлшек сауда (азық-түлік және азық-түлік емес тауарларды сату)